

Қазақстан Республикасы Президентін, Парламентінің депутаттарын сайлауға әзірлік және өткізуге байланысты құжаттарды сақтаудың, мұрағатқа тапсырудың және жоюдың Ережесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 1999 жылғы 2 қазандағы N 33/250 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 08 қазанда тіркелді. Тіркеу N 931. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2013 жылғы 25 маусымдағы № 13/210 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 25.06.2013 № 13/210 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту: Қаулының тақырыбы мен 1-тармағына өзгертулер енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2005 жылғы 8 қыркүйектегі N 13/31 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 12 бабының б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2007 жылғы 27 маусымдағы N 91/181 қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасы Президентін, Парламентінің депутаттарын сайлауға әзірлік пен өткізуге байланысты құжаттарды сақтаудың, мұрағаттарға тапсырудың және жоюдың ұсынылған Ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының "Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын сайлау жөніндегі құжаттарды сақтаудың тәртібі туралы" 1995 жылғы 9 қазандағы N 12 қаулысының Орталық сайлау комиссиясының 1996 жылғы 16 мамырдағы N 54 Қаулысымен енгізілген өзгерістерімен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 6 мамырда тіркелген, тіркелу N 299, күші жойылды деп танылсын.

3. Учаскелік сайлау комиссиялары олардың қызмет процестерінде қалыптасқан құжаттарды сақтауға, есеп жүргізуге өңдеу сапасына және пайдалануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына, мемлекеттік мұрағаттарға тапсыруға және белгіленген мерзімде ж о ю ғ а ж а у а п т ы б о л а д ы .

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясының

2007 жылғы 27 маусымдағы N 91/181 қаулысымен.

4. Осы қаулы әкімдерге және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, Қазақстан Республикасы астанасының сайлау комиссияларына, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатына, Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне жіберілсін.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2007 жылғы 27 маусымдағы N 91/181 қаулысымен.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі оны тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
төрайымы*

*Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының*

хатшысы

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 2 қазандағы N 33/250 Қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің депутаттарын сайлауға әзірлік пен өткізуге байланысты құжаттарды сақтаудың, мұрағаттарға тапсырудың және жоюдың ережесі

Ескерту: Ереженің тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2005 жылғы 8 қыркүйектегі N 13/31 бұйрығымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "республикалық маңызы бар қала" деген сөздер "республикалық маңызы бар қалалар" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 155/221 Қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясында сақтауға, соңынан Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатына тапсыруға мынадай құжаттар:

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы істерінің номенклатурасына сәйкес бекітілген қаулылар, мәжілістердің хаттамалары, оларға қосымшалар және басқа да құжаттар;

Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидаттарды ұсыну туралы республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғарғы органы отырыстарының

хаттамаларынан үзінділер, оларға қоса осы қоғамдық бірлестіктің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелгені туралы құжаттың көшірмелері;

Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат ретінде дауысқа түсуге келісімі туралы өтініштері;

Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат ретінде дауысқа түсуге ниеті туралы өтініштері;

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың өмірбаяндық деректері;

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттық мемлекеттік тілді еркін меңгергендігін анықтау жөніндегі лингвистикалық комиссияның шешімдері;

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың сенім білдірілген адамдарды тіркеу туралы өтініштері;

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімін ұсыну туралы саяси партиялардың жоғарғы органдарының хаттамаларынан үзінділер, оған қоса тіркелген республика Әділет министрлігінде саяси партияларды тіркеу туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ республикалық мәртебесін дәлелдейтін құжаттар;

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына сайлануға арналған партиялық тізімге енгізілуге келісімі туралы Қазақстан Республикасы азаматының өтініші;

"Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды ұсыну туралы" Қазақстан халқы ассамблеясы Кеңесінің хаттамаларынан үзінді көшірмелер;

Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан халқы ассамблеясы сайлайтын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат ретінде дауысқа түсу туралы өтініштері;

партиялық тізімге енгізілген әр адам туралы өмірбаян мәліметтері;

Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидатты қолдап жинаған қолдарының дұрыстығын тексеру нәтижелері туралы аумақтық сайлау комиссияларының хаттамалары;

Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттың сайлау жарналарын енгізгенін дәлелдейтін құжаттар;

Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларацияны тапсырғанын дәлелдейтін құжаттар;

Қазақстан халқы ассамблеясы ұсынған әр адам туралы өмірбаян мәліметтері;

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларацияны

тапсырғанын дәлелдейтін құжаттар;

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына сайлануға арналған партиялық тізімге енгізілген әр адам үшін саяси партиялардың сайлау жарналарын енгізгенін дәлелдейтін құжаттар;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар және Республика астанасы) сайлау комиссияларының хаттамалары және оған қоса берілген қосымшасы;

Қазақстан Республикасы Президентін, Парламенті Сенатының депутаттарын, Қазақстан халқы ассамблеясы сайлайтын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар, Республика астанасы) сайлау комиссияларының дауыстарды санау жөніндегі хаттамалары және оған қоса берілген қосымшасы;

партиялық тізім бойынша дауыс берудің нәтижелері туралы облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар, Республика астанасы) сайлау комиссияларының хаттамалары;

Қазақстан Республикасы Президенттігіне, Парламенті депутаттығына кандидаттардың және саяси партиялардың сайлау қорларын пайдаланғаны жөніндегі есептері;

Қазақстан Республикасы Президентін, Парламентінің депутаттарын сайлауға әзірлікке және өткізуге бөлінген республикалық бюджеттің қаржысын жұмсау туралы қаржылық есеп берушілік (N 2 нысан "Мекемелердің сметалық шығынының орындалуы туралы есеп");

Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенті депутаттарының Республика Конституциясы мен заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенті депутатының мәртебесімен сыйыспайтын өз міндеттерін доғару туралы өтініштері;

Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттардың сайлау алдындағы бағдарламалары, плакаттары, парақшалары, ұрандары және өзге де үгіттік баспа материалдары;

Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттардың сайлау алдындағы бағдарламалары, плакаттары, парақшалары, ұрандары және өзге де үгіттік баспа материалдары, сайланған Қазақстан Республикасы Президентін тіркеу үшін қажетті құжаттардың көшірмелері;

сайлау алдындағы үгіт қамтылған теле және радиобағдарламалардың бейне және дыбысжазбалары тиісті бұқаралық ақпарат құралдарының редакцияларында құпия ақпарат құқығы негізінде сақталады және Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы сайлаудың қорытындыларын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялағаннан кейін тиісті облыстардың, қалалардың (

республикалық маңызы бар қалалар, Республика астанасы) мемлекеттік мұрағаттарына сақтауға құнсыз негізде тапсырылады;

партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы бағдарламалары, плакаттары, парақшалары, ұрандары және өзге де үгіттік баспа материалдары ;

сайланған, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы бағдарламалары, плакаттары, парақшалары, ұрандары және өзге де үгіттік баспа материалдары, сондай-ақ оларды тіркеу үшін қажетті құжаттардың көшірмелері ;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің депутаттарын сайлауға әзірлік және өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының бұзылғаны туралы азаматтардың және ұйымдардың Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына келіп түскен өтініштері жатқызылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 155/221 Қаулысымен, 2005 жылғы 8 қыркүйектегі N 13/31 , 2007 жылғы 27 маусымдағы N 91/181 қаулыларымен .

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы сайлаудың қорытындысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялағаннан кейін аумақтық сайлау комиссиялары тиісті облыстардың, қалалардың (республикалық маңызы бар қалаларының, Республика астанасының), қалалық аудандардың мемлекеттік мұрағаттарына акті бойынша мынадай құжаттарды:

аумақтық сайлау комиссиялары мәжілістерінің хаттамалары, оған қоса берілген қосымшасы және басқа да құжаттарды;

Қазақстан халқы ассамблеясы отырыстарының хаттамаларынан үзінділерді;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарды ұсыну туралы облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар және Республика астанасы), аудандық және қалалық мәслихаттардың хаттамасынан үзінділерді ;

Қазақстан Республикасы азаматының Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішін ;

Қазақстан Республикасы азаматының Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде дауысқа түсуге ниеті туралы өтінішін ;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың сенім білдірілген адамдарды тіркеу туралы өтінішін ;
партиялық тізімдер ұсынған саяси партиялардың сенім білдірген адамдарды

тіркеу туралы өтініштерін;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың оған Қазақстан Республикасының Конституциясымен және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" заңымен қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау туралы облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар және Республика астанасы) сайлау комиссияларының хаттамаларын және оған қоса берілген қосымшасын;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарды қолдауға таңдаушылардың қойған қолдарын тексерудің нәтижелері туралы облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар, Республика астанасы) сайлау комиссияларының хаттамаларын;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың өмірбаян деректерін;

учаскелік сайлау комиссияларының Қазақстан Республикасының Президентін сайлау бойынша дауыстарды санау нәтижелері туралы хаттамалары;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жөніндегі таңдаушылардың бірлескен отырысын өткізудің хаттамалары және о л а р ғ а қ о с ы м ш а л а р ;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың сайлау жарнасын енгізгенін дәлелдейтін құжаттарын;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табысы және мүлкі туралы декларацияны тапсырғанын дәлелдейтін құжаттар;

дауыс берудің нәтижелері туралы аудандық, қалалық, қаладағы аудан сайлау комиссияларының хаттамаларын;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың сайлау алдындағы бағдарламалары, плакаттар, парақшалар, ұрандар және өзге де үгіттік баспа материалдарын;

сайлау алдындағы бағдарламаларды, плакаттарды, парақшаларды, ұрандар мен өзге де үгіттік баспа материалдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламентінің сайланған депутаттарын тіркеу үшін қажетті құжаттардың кө ш і р м е л е р і н ;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің депутаттарын сайлауға әзірлік және өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының бұзылғаны туралы азаматтардың және ұйымдардың аумақтық сайлау комиссияларына келіп түскен өтініштерін сақтауға тапсырады.

Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидатты қолдап қол қою парақтары құпия ақпарат құқығы болғандықтан, Қазақстан Республикасы

Президенттігіне кандидат тіркелген күннен кейінгі 10 жұмыс күні бойы сақталады, ал кейіннен акт бойынша жойылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 155/221 Қаулысымен, 2005 жылғы 8 қыркүйектегі N 13/31 , 2007 жылғы 27 маусымдағы N 91/181 қаулыларымен .

3. Алып тасталды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2007 жылғы 27 маусымдағы N 91/181 қаулысымен.

4. Участкелік сайлау комиссиялары дауыс санаудың қорытындылары туралы хаттамаларды тапсырғаннан кейін тиісті аумақтық сайлау комиссияларына акті бойынша мынадай құжаттарды :

участкелік сайлау комиссиялары мәжілістерінің хаттамалары, оған қоса берілген қосымшасын және басқа да құжаттарды;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі дауыс санаудың нәтижелері туралы участкелік сайлау комиссияларының хаттамаларын;

саяси партиялар үшін дауыс санаудың нәтижелері туралы участкелік сайлау комиссияларының хаттамаларын;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің депутаттарын сайлауға әзірлік және өткізу кезеңінде участкелік сайлау комиссияларына келіп түскен Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының бұзылғаны туралы азаматтардың және ұйымдардың өтініштерін береді.

Әскери бөлімдерде құралған участкелік сайлау комиссияларының көрсетілген құжаттары әскери бөлімдердің істерінде сақталады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2005 жылғы 8 қыркүйектегі N 13/31 , 2007 жылғы 27 маусымдағы N 91/181 қаулыларымен.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша қайта дауыс беру өткізілген жағдайда барлық деңгейдегі сайлау комиссияларында сайлау құжаттарының сақталу мерзімі Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының сайлау нәтижелерін жариялау уақытымен есептеледі.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2005 жылғы 8 қыркүйектегі N 13/31 қаулысымен .

6. Практикалық маңызын жойған құжаттар оларға алдын-ала сараптауды жүргізген куәландырушы адамның акті бойынша және тиісті сайлау комиссиясы төрағасының бекітуімен жойылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Орталық

сайлау комиссиясының 2005 жылғы 8 қыркүйектегі N 13/31 қаулысымен .

7. Қазақстан Республикасы Президентін сайлау жөнінде жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдерді, оның ішінде жекелеген жойылған бюллетеньдерді, жойылған есептен шығару куәліктері, сондай-ақ сайлаушылардың тізімдері мен оларға қосымша құжаттарды мөрленген қалпында :

учаскелік сайлау комиссиялары облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) аумақтық сайлау комиссияларына;

облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) аумақтық сайлау комиссиялары Орталық сайлау комиссиясына акт бойынша тапсырады, онда құпия ақпарат құқығы болғандықтан, сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейінгі алты ай бойы сақталып, ал кейіннен акт бойынша жойылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жөніндегі жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдерді, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатты қолдауға таңдаушылардың қолдарын жинауға арналған қол қою парағын, таңдаушылардың тізімдері және оған қоса берілген құжаттарды, облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар, Республика астанасы) сайлау комиссиялары сайлау қорытындыларын анықтап, жариялағаннан кейін, сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейінгі алты ай ішінде құпия ақпарат есебінде сақтайтын Орталық сайлау комиссиясына акті бойынша тапсырады, содан кейін акті бойынша жойылады .

Парламент Мәжілісінің, партиялық тізімдер бойынша сайланатын депутаттарын сайлау жөніндегі жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер мөрленген күйінде, соның ішінде жекелеген жойылған бюллетеньдер, жойылған есептен шығару куәліктері, сондай-ақ сайлаушылардың тізімдері және оған қоса құжаттар акті бойынша беріледі:

учаскелік сайлау комиссияларымен Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі аумақтық сайлау комиссияларына;

облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, Республика астанасы) аумақтық сайлау комиссияларымен сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейінгі алты ай ішінде құпия ақпарат есебінде сақтайтын Орталық сайлау комиссиясына акті бойынша тапсырылады, содан кейін акті бойынша жойылады.

Қазақстан халқы ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдерді мөрленген күйінде, оның ішінде жойылған бюллетеньдерді, сондай-ақ Қазақстан халқы ассамблеясының отырысына қатысушылардың тізімдері мен оларға қосымша құжаттарды сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін алты ай ішінде құпия

ақпарат есебінде сақтап, ал одан кейін акт бойынша жоятын Орталық сайлау комиссиясына акт бойынша тапсырады.

Жою жағу, балқыту, мөлшері 2,5 шаршы сантиметр бөлшектерге майдалау, ұнтақтау, еріту немесе химиялық жайып салу, белгісіз жиынтыққа немесе ұнтаққа айналдыру жолымен жүргізіледі.

Жойылған, толық жойылмаған, олардың мазмұнын қалпына келтіруге болатын құжаттармен бөгде адамдарды таныстыруға болмайды.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2000 жылғы 3 қарашадағы N 15/15 ; 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 155/221 Қаулыларымен, 2005 жылғы 8 қыркүйектегі N 13/31 , 2007 жылғы 27 маусымдағы N 91/181 қаулыларымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК